

5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж., 5б.

6. Тулебаева Д.Ж. «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда оқытудың кешенді әдістерін тиімді қолдану», мақала, 2019ж.

7. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С., Көпбаева Ж.С., Мазибаева Ж.О. «Қазақ тілі» пәні бойынша қазақ тілін деңгейлік оқытудың білім беру стандарты мен бағдарламасы.-Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010.-122б.

МРНТИ 14 .25. 09

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.61>

М.С.Каракулова<sup>1</sup> А.Т.Туралбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»  
Алматы қ., Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларындағы толерантты қарым-қатынасты дамытудың теориялық-әдіснамалық аспектілері айқындалып, «толеранттылық», «қарым-қатынас» ұғымдарының мәні философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан талданады. Бастауыш сынып оқушыларындағы толерантты қарым-қатынасты дамыту – көп жақты және көп функционалды құбылыс, оның сипаты өзара әрекеттесу екендігі баяндалады.

Мақалада толерантты қарым-қатынас түсінігінің философиялық мәні: мәдениетті мінез-құлық, таным, ойлау әрекеті, ақыл-парасаттылық, қарым-қатынас, белсенділік секілді сапалармен сипатталады. Ал психологиялық және педагогикалық мәні: тұлғаны немесе затты қарсылықсыз, күштеусіз қабылдауға дайындығы және қабілеті деп түсіндіріледі. Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамытуды анықтауға арналған диагностика жұмыстары жүргізілді. Анықтау экспериментінде В:В:Бойко әдістемесінің негізінде сауалнама алынып, нәтижесі талданды.

**Түйін сөздер:** толеранттылық, қарым-қатынас, өзара әрекеттестік, төзімділік, толерантты қарым-қатынас, субъект-субъектілі әрекеттестік.

Karakulova M.S.<sup>1</sup>Turalbayeva A.T.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>The branch of JSC CRK «Orleu» «Institute for advanced qualifications of teachers in Almaty region»,  
Almaty, Kazakhstan

## SOME PROBLEMS OF DEVELOPING A TOLERANT ATTITUDE IN PRIMARY SCHOOL PUPILS

### Abstract

This article reveals the theoretical and methodological aspects of the development of a tolerant attitude of primary school students, analyzes the philosophical, psychological and pedagogical aspects of the meaning of the concepts "tolerance", "communication". The development of a tolerant attitude in primary school students is a multi-faceted and multi-functional phenomenon, the nature of which consists in interaction. The article describes the philosophical meaning of the concepts of tolerant communication: cultural behavior, cognition, mental action, intelligence, relationships, activity. A psychological and

pedagogical significance: under the willingness and ability to perceive a person or object without objection, effort. In order to identify the development of a tolerant attitude in primary school students, diagnostics was carried out. In the experiment, a survey was conducted based on the methodology of V. V. Boyko, the results of which were analyzed.

**Keyword:** tolerance, communication, interaction, tolerance, tolerant attitude, subject-subject interaction.

*М.С.Каракулова<sup>1</sup> А.Т.Туралбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>КазНПУ имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup> Филиал АО НЦПК «Өрлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области»,  
г. Алматы, Казахстан*

## НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТОЛЕРАНТНОГО ОТНОШЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

### *Аннотация*

В данной статье раскрываются теоретико-методологические аспекты развития толерантного отношения учащихся начальных классов, анализируются философские, психологические и педагогические аспекты значения понятий «толерантность», «общение». Развитие толерантного отношения у учащихся начальных классов-многогранное и многофункциональное явление, характер которого заключается в взаимодействии. В статье описывается философское значение понятий толерантного общения: культурное поведение, познание, мыслительное действие, разумность, отношения, активность. А психологическое и педагогическое значение: под готовностью и способностью воспринимать личность или предмет без возражений, усилий. В целях выявления развития толерантного отношения у учащихся начальных классов проведена диагностика. В эксперименте был проведен опрос на основе методики В. В. Бойко, результаты которого были проанализированы.

**Ключевые слова:** толерантность, общение, взаимодействие, толерантность, толерантное отношение, субъектно-субъектное взаимодействие.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда адамның өз ішкі әлемі, өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік құбылыстарға деген өз көзқарасы мен бағасы бар екенін ескерсек, туындайтын қарама-қайшылықтар мен қақтығыстарды шешу толерантты сананы қажет етеді. Адамдық өмірдің алтын ережесі ретінде оның өмірмен, адамдармен, тіпті бүкіл ғаламмен үндестікте, сәйкестікте өмір сүру, бөтен, бөгделіктің алдында тосырқамау, жатсынбай бағандай білуді айтамыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «...бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық толеранттылықтың негізіне айналдыру» деп көрсетіледі [1]. Бұл тұста толеранттылық жалпы қоғамның, ұжымның, жеке адамның жоғары рухани –интеллектуалды дамуының белгісі ретінде көрініс табады да, адамның сенімі, өзара түсінушілік, өзара әрекеттестікке негізделген қарым-қатынастарға қажеттілік білім беру ісінде бастауыш сыныптан бастап талап етіледі. Толеранттылық кешенді феномен ретінде адамның өзіне, қоршаған ортаға қарым-қатынасын анықтай келе, ол – әлеуметтік-мәдени жүйенің құндылығы болады.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 16-бап, 1-тармағында: «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған» деп айтылады [2]. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамыту арқылы білімдік үрдістің ізгіліктік және эмоционалдық қалыпты субъектілігін сақтай отырып, диалогтік әрекеттің міндетті түрде орын алуы жоғарыда талдап өткен құжаттардағы негізгі міндеттердің тиімді шешілуіне ықпал етері анық.

Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тілдік коммуникация оның қатысушыларының («оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы») тең позициялық жағдайда пікір алмасуы, бір-біріне қолдау көрсетуі арқылы орын алатын сипатта болады. Тек сонда ғана бастауыш сынып оқушысы өз ішкі «ортасын» саналы өзгертуге қол жеткізеді. Осы ретте, толеранттылық қарым-қатынас туа біткен қасиет емес екені дәлел тауып, түсінушілік, шыдамдылық жағдайында тұтас құрылым ретінде дамитындығы өзекті мәселенің бірі болып отыр. Сондықтан біз, ең алдымен «толеранттылық», «қарым-қатынас» ұғымдық категорияларына теориялық талдауларды ұсынуды жөн санаймыз.

**Зерттеудің әдіснамасы.** Біз, бұл бөлімде «толеранттылық», «қарым-қатынас» ұғымдық категорияларының философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерде талдануын және ондағы басшылыққа алынатын әдіснамалық қағидаларды ұсынатын боламыз. Ғылыми еңбектерді жан-жақты талдау барысында жинақтау, контент-талдау, кластерлеу, сауалнама секілді зерттеу әдістерін жүргіземіз. Тілімізде соңғы уақыттарда аударылмай қолданылып жүрген «толеранттылық» ұғымы латын тілінен енген.

Зерттеу әдіснамасына сүйенсек, философия, психология, педагогика т.б. ғылымдардың қарастыратын нысандарының негізгісі – адамтану мәселесі болғандықтан, әр ғылым оны өз саласы бойынша зерделейді. Осыған сәйкес, «толеранттылық», «қарым-қатынас» түсініктері философиялық кезеңнен бастау алатындығына негіз бар. Талданып отырған түсініктердің философиялық мәніне тоқталып өтейік.

Философия – білімдердің даму сатыларының әдіснамасының негізі, «толеранттылық» түсінігі қорытындыланып, оның қоғамдық факторлар әсерінен қайта құрылып, бұл күндері жалпы сипатқа ие болып отырған және аталмыш түсінік жайлы ғылыми білімге қатысты нақтыланатын диалектикалық әдіснаманы ұйымдастыруға бастау болатындығын атауға болады.

Зерттеу жұмыстары көрсетіп отырғанындай, толеранттылық негізінен күрделі, көпаспектілі және әртүрлі көзқарастар тұрғысынан, яғни философиялық, мәдениеттану, әлеуметтік, саяси және психологиялық-педагогикалық деп қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін түзде ең алдымен адамның толеранттылығы философиялық генезистерден бастау алатындығын айтуға болады. Сонымен қатар толеранттылық түсінігінің түпкі баламалары ақыл, ой, сана, сөз, қарым-қатынас, мінез-құлық секілді түсініктермен өлшенеді.

Грек философы Платон (б.з.д.427-347) интеллектуализм классикалық және эллинистік грек ойына мағыналы әсер етті. Философ сипаттаған адамгершілік белгілері: біріншісі – әділдік, екіншісі – шынайылық, үшіншісі – ұстамдылық, төртіншісі – тұрақтылық, бесіншісі – даналық т.б. Бұлар бір-бірімен байланысты, өз дәуірінде бұларға ешкім пікірталас жасамады. Платонның философиялық идеяларынан «Өз рухын өзіне қарату» тұжырымдамасын алға тартуға болады. Себебі мұндағы педагогикалық ойдың түйіні – адам өзі белгілеген шындыққа жетуі үшін алдымен өзінің толерантты мінезімен үйлесімділік табуы тиіс [3].

Философиялық әдебиеттерде «толеранттылық» ұғымының көп түрін анықтайды. Философ В.А. Лекторский «толеранттылық» құбылысын зерттей отырып, оны төрт түрлі үлгісін ұсынады: «толеранттылық бейжайлық ретінде», «толеранттылық арақатынасты түсіне алмау ретінде», «толеранттылық кешірімділік ретінде», «толеранттылық тәжірибе мен диалогті кеңейту ретінде». Бұл ұсынылған үлгіде толеранттылық өзге көзқарасқа құрмет ретінде көрінеді [4].


Американдық философ Майкл Уолцер толеранттылықтың түрткілерін (мотив) атап көрсетті. Оның пікірінше толеранттылықтың түрткілерінің бес түрі бар: шеттету, немқұрайдылық, адамгершілік табандылық (стоицизм), әуестік және қуана мақұлдау. Аталған түрткілер толерантты қатынас деп те жорамалданады [5].

Біз ең алдымен бұл сөздің этимологиясына назар аударатын болсақ, толеранттылық түсінігі латын тілінен аударғанда шыдау, төзу, көндігу түсініктерін беретін «*tolero*» етістігінен шығатындығын байқаймыз.

Оған дәлел ретінде уикипедия – ашық энциклопедиясындағы ізденістерді айтуға болады. *Толеранттық*- [лат.*tolerancia*- төзімділік] - айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Көбіне толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу түсініледі [6]. Бұдан шығатын тұжырым,

бастауыш сынып оқушыларының өзара әрекеттестіктегі (қарым-қатынастағы) жалпы позициялардың жалпы ережелерін басшылыққа алуы тиіс екендігі көзделеді.

Философиялық ойларды тұжырымдауда толеранттылық, қарым-қатынас, оның тәжірибесінің жаңа ашылымдары мен жаңалықтарының мазмұндарымен ассимиляциялау арқылы: мәдениетті мінез-құлық, таным, ойлау әрекеті, ақыл-парасаттылық, қарым-қатынас, өмір бойы білім алу, белсенділік, тәжірибеге ден қою т.б. сынды түсініктермен байланыста ассоциацияланатындығын алға шығарамыз. Біз төменде «толеранттылық» ұғымының философиялық көрінісін кластерлеп ұсынып отырмыз(1-Сурет).



Сурет 1. «Толеранттылық» ұғымының философиялық мәні

Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттылық *«tolerantia»* деген латын терминінен алынған ұғым, біріншіден, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, екіншіден, біреуге, бір нәрсеге деген шыдамдылық, жұмсақтық деп көрсетілген [7].

Сондай ақ *«толеранттылық»* (лат. *«tolerantia»* - шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі:

1) бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау;

2) биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни организмнің ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің болмауы.

Ал педагогикалық сөздіктерде бұл ұғымға «қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі» деген анықтама беріледі [7, с. 498].

Оксфорд сөздігінде: *«толеранттылық – тұлғаны немесе затты қарсылықсыз, күштеусіз қабылдауға дайындығы және қабілеті»*, - деген анықтама берілген [8].

«Кеңес энциклопедиялық сөздігінде» толеранттылық - басқаның пікіріне, сеніміне, тәртібіне деген шыдамдылық ретінде түсіндіріледі [9].

Педагогика қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздігінде: толеранттылық (лат. *tolerantia*-шыдам) қандай да бір қолайсыз факторға, оның әсеріне деген сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде алаңдаудың жоқтығы немесе әлсіреуі; психологиялық бейімделуді жоғалтпай, адамның әртүрлі өміріндегі қиыншылықтарға қарсы тұра білу қабілеті деп сипатталады [10].

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде толеранттылықтың жекелеген аспектілерін (Г.К.Искакова, М.А.Кучерова, П.И.Мамедова, Б.А.Тұрғынбаева, Ж.Наурызбай, К.Сүюнова, Қ.Қожахметова, Қ.Бөлеев т.б.) қалыптастырудың жалпылама мәселелерін талдап көрсетеді.

Бізге зерттеулер көрсетіп отырғанындай, толеранттылық ұғымы бар жерде қарым-қатынас бірге жүреді. Дегенмен, бастауыш сынып оқушыларындағы толерантты қарым-қатынас қабілеттіліктің бір түрі ретінде психологиялық зерттеулерде орын тапқан. Шетелдік психолог ғалымдардың (психологиялық мектептердің жақтаушылары) пікірін төмендегідей жіктеп ұсынамыз:

- басқа адамдармен сыйысу, түсінісу қабілеті (Moss F., Hunt T.);
- қоршаған адамдармен жақсы қарым-қатынаста болып, іс жүргізу қабілеті (Hunt T.);

- өзгелермен тіл табысу, олардың жағдайын түсіну, өзін өзгенің орнына қоя білу қабілеті (Vernon P.E.);

- өзге адамдардың сезімдерін, көңіл-күйін және әрекетіндегі мотивациясын сыни және дұрыс көзқараспен бағалау қабілеті (Wedeck J.) [11].

Психологиялық феномен ретінде толеранттылық шетелдік әдебиеттерде көрініс тапқан Е.Ю.Клепцова [12], Г.У.Солдатова [13] және т.б. М. Бубердің айтуы бойынша толеранттылық «Мен» және «Сен» диалогы арасындағы бөлінбейтін бөлігі, ал, А. Маслоу «тұлға саулығы» теориясында толеранттылық адамдар арасындағы қарым-қатынас тетігін беретін, тұлғаның өзін-өзі белсендірудегі мүмкін болатын жолдардың бірі [14].

В.Франклдің пайымдауынша, толеранттылық тұлғаның рухани дамуындағы негізгі жасаушы [15]. Г.Олпорт толеранттылықты тұлғаның жетілген қасиеті ретінде қарастырған [16]. А.Г.Асмоловтың пікірінше, қасиет үш түрлі (табандылық, төзімділік және жеткілікті ауытқу) ұғымдармен сәйкестендіріледі [17].

Бастауыш сынып оқушыларының тиімді қарым-қатынас жағдайында оқуы, өзара әрекетінің және ынтымақтасудың әртүрлі формаларының бірізді ауысуы адамдарды тұлға аралық өзара әрекеттің әртүрлі тәсілдерін оқытуға және олардың әртүрлі әлеуметтік рөлдер мен позицияларды игеруіне әсер етеді.

Ендеше біз, «қарым-қатынас» ұғымына талдаулар жүргізіп, теориялық зерттеу әдісінің бірі контент талдау арқылы ұсынамыз.

Кесте 1 – «Қарым-қатынас» мазмұнына контент талдау

Ғалымдар	«Қарым-қатынас» мазмұны	Комментарийлер
1	2	3
А. Маслоу	«Адамдар арасында өзін-өзі құрметтеу қажеттілігіне дейін қарым-қатынас жүзеге асады. Қарым-қатынасқа деген қажеттіліктің қанағаттандырылуы адамның басқа да қажеттіліктерінің пайда болуы мен дамуына әсер етеді: когнитивтік, эстетикалық, эмоционалды, адамгершіліктік т.б».	<i>Эмоционалды адамгершіліктік.</i>
Е.И. Рогов	«Қарым-қатынас – 1) басқа адамды түсінуге, қабылдауға, өзара әрекеттесуге құрылған, ақпарат аламасын және өзара әрекеттесуге деген қажеттіліктен туындайтын, адамдар арасындағы байланысты құру мен дамытудың күрделі және көп жақты процесі; 2) әріптестің көңіл-күйін, мінез-құлқын, тұлғалық ерекшеліктерін өзгертуге бағытталған және біріккен әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын субъектілердің өзара әрекеттесуінің белгілік құралдары».	<i>Субъектілердің өзара әрекеттесу құралы.</i>
Б.Ф. Ломова	«Қарым-қатынас – адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесуінің арнайы формасы, субъект белсенділігінің формасы. Қарым-қатынас адамдардың тікелей және жанама өзара әрекеттесуі, қарым-қатынасқа түсушілердің психикалық дамуына, психикалық бейнеленуінің әр түрлі формалары мен деңгейлерінің қалыптасуы мен дамуына әсер етеді».	<i>Субъект белсенділігінің формасы.</i>
В.Н.Павленко	«Қарым-қатынас – адамдар арасындағы іс-әрекет, ақпарат, эмоция, іскерліктер, еңбек нәтижелері өзара алмасады».	<i>Эмоция, іскерліктер нәтижелері.</i>

Ә.М.Мұханбетжанова	«Жеке тұлғаның қарым-қатынасын дамыту «бақылаудан-өзіндік бақылауға, әлеуметтік бақылаудан-дамуға, монологтан-диалогқа, түсіндіруден-түсінуге ауысу негізін құрайтын білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады».	<i>Түсіндіруден-түсінуге ауысу парадигмасы.</i>
Х.Т. Шерьязданова	«Қарым-қатынас адамдар арасында байланыс орнатып, оны дамыту бірлескен іс-әрекет қажеттілігі негізінде туындайды. Бірлескен іс-әрекет барысында тұлға қалыптасуына өзге адамдармен жағымды өзара әрекеттесу ерекшеліктері әсер етеді».	<i>Адамдармен жағымды өзара әрекеттесу.</i>
С.М. Жақыпов	«Қарым-қатынас мәселесі зерттеуге кешенді түрде келу қажеттілігі. Біріккен ой әрекетінің және біріккен диалогты танымдық іс-әрекет қалыптасуының негізгі тірегі ортақ мотивтердің және дербес іс-әрекет мақсаттарының болуына байланысты».	<i>Ортақ мотивтер, біріккен ой әрекеті.</i>
Ю.С.Крижанская В.П.Третьяков	«Қарым-қатынас – бұл коммуникация, яғни пікірлермен, қайғырулармен, көңіл-күймен, тілектермен, т.б. алмасу».	<i>Коммуникация.</i>

1- кестедегі контент талдаудан көріп отырғанымыздай қарым-қатынастың мәнін талдау негізінде олардың арасындағы айырмашылыққа қарамастан субъект-субъектілі өзара әрекеттесу ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушылары үшін отбасында толеранттылыққа тәрбиелеу жолдарына келетін болсақ, М.И.Рожков пен М.А.Ковальчук өз зерттеулерінде толеранттылыққа тәрбиелеудегі оқушылар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын сәтті шешу үшін педагог мамандарға субъектілік, тепе-теңдік, жекелеу, рефлексивтік көзқарас, толерантты орта жасау қағидаларын ұсынады [18].

Ендеше әдіснамалық тұрғыдан бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамытудағы бірнеше қағидаларды басшылыққа аламыз.

П.И.Пидкасистый бойынша, педагогика әдіснамасының пәні білім беру аясында болатын қарым-қатынас жүйесінде болатын үдерістердің заңдылықтары болып табылады. Сонымен қатар автор білім берудің мақсаты мен мазмұнының шартталған өзара әрекеттесу тәсілдері және оны шарттайтын әдістер мен формасын жатқызады. Мұнда субъектілердің қарым-қатынасы, іс-әрекетін басқару мен ұйымдастыру механизмдері іске асып, ол субъектілердің ұжым және топта өзін-өзі ұйымдастыруы, рефлексиясы, өзін – өзі тәрбиелеуін қамтиды [19].

*Қарым-қатынастағы өзара түсіністік қағидасы.* Бұл қағида қарым-қатынас оқушының өзін ғана емес, өзгені де дұрыс түсінуіне жол ашады. Қарым-қатынас функцияларының бірі бірлескен қызметті ұйымдастырудан тұрады. Қарым-қатынас актілерінде қызметтің оңтайлы құрылымына қол жеткізу тәсілдері, бастауыш сынып оқушысының көзқарасы және олардың досының немесе сыныптасының психологиялық қасиеттері туралы түсініктері нақты көрсетіледі. Қарым-қатынас барысында объект туралы жалпы түсінік қалыптасады және бірлескен қызмет стратегиясы әзірленеді. Сәйкесінше, толерантты қарым-қатынастың бірлескен қызметтің құрамдас бөлігі ретінде басқа функциясы оқушылардың бір-бірін тану процесінде тұлғааралық қарым-қатынастарды қалыптастыру және дамыту болып табылады. Мысалы, бірлескен қызметті ұйымдастыру тәсіліне байланысты қарым-қатынас субъектілері арасындағы өзара түсіністік дәрежесі тікелей байланысты.

*Өзара әрекеттестік қағидасы.* Толерантты қарым-қатынас мазмұнының толықтырылуы және оның дамуы тұлғаның өзге адамдармен, топтармен өзараәрекеттестік үдерісі негізінде іске асады. Өзараәрекеттестік адамда әлеуметтік шынайылықтың бейнесін, сезімдердің туындауы мен сезімдермен алмасудың, ой мен пікір алмасудың, өзге де қарым-қатынас ерекшеліктер сипаттамасын түзету және көрінуінің көзі болып табылады. Өзараәрекеттестік қағидасы бастауыш сыныптағы оқушылардың бір-біріне толерантты қарым-қатынасын талдаудың әдіснамалық негізін басшылыққа ала отырып, өзара қарым-қатынас субъектілерінің әрекеттестік іс-қимылының бір-бірінің психикалық

қасиеттерін анықтауға, түсінуге ұмтылуымен, оның барысында олардың арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас (достық, махаббат немесе керісінше, биязы) қалыптасатын формасының ортақтығын көрсетеді.

Біз басшылыққа алып отырған әдіснамалық қағидалар бастауыш сынып оқушыларындағы толерантты қарым-қатынастың теориялық және практикалық бірлігін анықтауда осы реттегі мұғалімнің атқаратын негізгі функцияларын тереңдете түсері анық.

**Зерттеу нәтижелері.** Толеранттылық қарым-қатынас эмоциялық тұрақтылық, жоғары деңгейлі эмпатия, элеуметтік белсенділік, көмекке келе ала білуімен сипатталады. Біз бұл бөлімде бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамытуға арналған диагностикалық жұмыстарды жүргізетін боламыз.

Бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамыту күрделі үрдіс. Мұнда да мектеп психологы мен сынып жетекшінің көмегінсіз болмайды. Ең алдымен психологтың көмегіне жүгінеріміз анық. Яғни тұлғаның толеранттылық деңгейін диагностикалаусыз оны дамыту жұмысын жоспарлау мүмкін емес. Сондықтан психолог түрлі әдістерді пайдалана отырып тұлға толеранттылығының дамуы деңгейін анықтап беруі қажет.

Бұл тұста ең алдымен, оқушылардың құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасының дұрыс, дұрыс еместігінің жағдайларын анықтау қажеттігі туындап отыр. Ендеше біз, В.В.Бойконың «Оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасын анықтау» әдістемесін қолдандық[20].

**Дискуссия. Нәтижелерді талдау.** В.В.Бойконың «Оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасын анықтау» әдістемесінің, яғни бастауыш сынып оқушыларының бір-біріне қарым-қатынасын анықтау сауалнамасының маңызы зор. Әдістеме 25 сұрақтан тұрады. Психолог пен сынып жетекшісінің көмегімен жүргізілді.

Өте қарапайым, қолданысқа жеңіл. Оқушылар әрбір сөйлемді тыңдалым жасай отырып, «иә» немесе «жоқ» деген жауап береді. Анықтау экспериментіне барлығы – 65 бастауыш сынып оқушылары қатысты. Оның ішінде 3-сыныптан – 32 оқушы, ал 4-сыныптан -33 оқушы сауалнамаға қатысты.

Нәтижесін өңдеу төрт көрсеткіш бойынша жүзеге асырылады:

- Өзіңізді тексеріңіз: сізде адамдарды бағалау тұжырымдамасы бар. Пікірлермен келісу шараларын алдындағы жағдай сияқты 0 ден 3-ке дейінгі балл қойып көрсетіңіз. Ұпай саны көбірек болған сайын құрбылары туралы пікірлері, оларды бағалай алуышқаласы арта береді;

- сыныптас құрбылары туралы пікірлерінде негізделген жағымсыз көзқарастың болуы, қарым-қатынасқа түсе алмауы;

- айналасындағы сыныптастары туралы негізсіз жағымсыз пікірді жою, сыныптас досын қайта тәрбиелеуге бейімділігі бар;


- айналасындағы құрбыларымен жеке қатынас жасаудағы жағымсыз тәжірибесінің бола тұра мінез-құлық төзімділігі бар.

Кесте 2 - В.В.Бойконың әдістемесі бойынша сауалнама нәтижесі

Экспериментке қатысушылар саны	Көрсеткіштер							
	Құрбысын бағалауы		Қарым-қатынасқа түсе алмауы		Құрбысын, сыныптасын, серіктесін қайта таңдауы		Мінез құлық төзімділігі	
	п	%	п	%	п	%	п	%
3- сынып (32) ЭТ	8	12,3	6	9,23	8	12,3	10	15,3
4-сынып(33) БТ	9	13,8	5	7,69	12	18,4	7	10,7
Барлығы:65 оқушы	17	26,1	11	16,92	20	30,7	17	26

Сауалнама нәтижесін талдау. Сауалнамаға барлығы 65 бастауыш сынып оқушысы қатысты, жоғарыда айтып өткеніміздей 3-сынып бойынша яғни, ЭТ-та 32 оқушы, оның ішінде сауалнама нәтижесінде «сізде адамдарды бағалау тұжырымдамасы бар» шкаласы бойынша 8 оқушы «иә» деп жауап берді. Оның көрсеткіші – 12,3% -ды құрады. Ал БТ-да осы шкала бойынша 9 оқушы «иә»

деген жауап, оның 13,8% - ды көрсетіп отыр. Барлығы – 26,1% ды құрайды. Келесі шкалада сыныптас құрбылары туралы пікірлерінде негізделген жағымсыз көзқарастың болуы, «қарым-қатынасқа түсе алмауы» бойынша ЭТ-та 6 оқушы, ол 9,23 % болса, ал БТ-да 5 оқушы, яғни 7,69 % ды көрсетсе, барлығы – 16,92% құрайды. Сауалнамадағы «айналасындағы сыныптастары туралы негізсіз жағымсыз пікірді жою, сыныптас досын қайта тәрбиелеуге бейімділігі бар» шкаласы бойынша ЭТ-та 8 оқушы, 12,3%; ал БТ-да 12 оқушы, 18,4% құрап, барлығы – 30,7%-ды көрсетеді. Келесі әрі соңғы шкалада айналасындағы құрбыларымен жеке қатынас жасаудағы жағымсыз тәжірибесінің бола тұра «мінез-құлық төзімділігі» бар екендігі бойынша ЭТ-да 10 оқушы, ол -15,3%; ал БТ-да 7 оқушы, яғни 10,7%-ды анықтап берді, барлығы - 26% ды құрайды. Бұл көрсеткіштердің нәтижесін 2-кесте мен 2-суреттен көруге болады.



Сурет 2- Анықтаушы эксперименттегі сауалнама нәтижесінде алынған көрсеткіштерінің диаграммасы

Сонымен теориялық және эксперименталдық өңдеулерге жүгіне отырып, бастауыш сынып оқушыларының құрбыларына толерантты қарым-қатынасын дамыту үшін біршама эксперименталды жұмыстар атқару қажеттігі туындайды. Оған анықтау экспериментінің нәтижелері негіз болып отыр. Сондықтан да біз болашақта бастауыш сынып оқушыларының құрбыларына деген толерантты қарым-қатынасын дамытуға арналған медитациялық, мотивациялық жұмыстардың әдістемесін даярлау, толерантты қарым-қатынас жетістіктерін практикалық меңгеруге бағытталған жаттығулар, бұлар қарым-қатынасты басқару дағдыларын меңгеруге, толерантты қарым-қатынас қабілеттің дамуына әсер ететін белгілі бір педагогикалық ситуацияда қарым-қатынас жүйесін меңгеруге байланысты жаттығуларды ұсынатын боламыз.

**Қорытынды.** Біздің бұл мақаламызда бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамытудың теориялық-әдіснамалық аспектілерін, анықтау экспериментінде В:В:Бойконның әдістемесінің негізінде сауалнама алынып, нәтижесі талданды.

Бастауыш сынып оқушыларының құрбыларына толерантты қарым-қатынас біріккен іс-әрекетте қатысушылардың төмендегідей мінез-құлық механизмдерін: бірігу (нәтижеге қол жеткізуге тиімді әсер ететін әрекеттер); мінез-құлқының кішкентай өзгерістерін байқау; адамның сыртқы мінез құлық белгілері арқылы «психологиялық белгілерді» тануға үйрену; қарым-қатынас процесінде құрбысы жөнінде әрқашан ойлау; сыныптасының мінез-құлық өзгерістерін байқай отырып, өзінің қарым-қатынас жүйесін өзгерту. т.б. бөліп көрсетуге болады.

Қорыта келе, біз бастауыш сынып оқушыларының толерантты қарым-қатынасын дамытуға келесідей ұсыныстар береміз:



-бастауыш сынып мұғалімдері үшін толерантты қарым-қатынасқа бағытталған әдістемелік жобаларды енгізу;

-оқушылардың отбасымен ынтымақтастықта жүйелі жұмыстардың жоспарын дайындау.

Осылардың барлығы жинақтала келе, бастауыш сынып оқушыларының шыдамдылық, төзімділік, ұстамдылық, адамгершілік сапаларды игеруге байланысты қарым-қатынастың жаңа жағдайға бағдарлану қабілетін арттырады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012, желтоқсан. - №828-831 (27902).
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңы. ИС BestProfi © (дата обращения 22.04.2020)
3. Дж.Реале., Д.Антисери Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін. - Алматы, 2012. - 167 б.
4. Лекторский В.А. О толерантности, плюрализме и критицизме // Вопросы философии. - 1997. - №11. - С. 46 - 54.
5. Уолцер М. О терпимости / пер. с англ. яз. И. Мюрнберг. - М.: Идея-Пресс; Дом интеллектуальной книги, 2000. - 160 с.
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
7. Словарь иностранных слов. - М.: Русс.яз., 1988. - С. 624.
8. Субъект // Философия: Энциклопедический словарь. — М.: Гардарики. Под редакцией А.А. Ивина. 2004.
9. Үлкен кеңес энциклопедиясы «Совет энциклопедиясы». - Үлкен Ресейлік энциклопедия баспа үйі, 1979-2001.
10. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік / жалпы ред. басқарған проф. Ш.К. Беркімбаева, проф. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: ROND & A баспасы, 2007. - 248 б.
11. Turalbayeva A., Sultanbek M., Utyurova G., Aidarov B., Uaidullakzy E., ZhumashZh., Uzunboylu H. The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles International Journal of Sciences and Research // Ponte. -2017. - V.73.- Iss.4. - P. 239-251.
12. Клепцова Е.Ю. Психология и педагогика толерантности: учеб. пособие. – М.: Академический проект, 2004. – 173 с.
13. Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. Жить в мире с собой и другими (тренинг толерантности для подростков). - М.: Изд-во Генезис, 2000. - С. 68
14. Маслоу А. Мотивация и личность. Серия Мастера психологии. - СПб.: Питер, 2008. – 352 с.
15. Франкл В. Человек в поисках смысла. - М., 1994. – 368 с.
16. Олпорт Г.В. Становление личности: Избр. / под. общ. ред. Д.А. Леонтьева. – М.: Смысл, 2002. – 462 с.
17. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. - М.: Смысл, 2007. - 528 с.
18. Ковальчук М.А., Рожков М.И., Байбородова Л.В. Воспитание толерантности у школьников: учебно-методическое пособие. – Ярославль: Академия развития: Академия Холдинг, 2003. - С. 192.
19. Педагогика: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / П.И. Пидкасистый, В.А. Мижериков, Т.А. Юзе-фавичус ; под ред. П. И. Пидкасистого. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательский центр «Академия», 2014. — 624 с. — (Сер. Бакалавриат). ISBN 978-5-4468-0229-6.
20. Бойко В.В. Социалистический реализм и смена культурной парадигмы: Поэты «фронтального» поколения. Социокультурный феномен шестидесятых. - М.: РГГУ, 2008. - С. 104-125.